

Кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің м.а. 2026 жылғы 31 наурыздағы № 151-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 2 сәуірде № 38284 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан күннен кейін оны Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық ресми жариялануға жатады және 2026 жылғы 12 шілдеде қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Сауда және интеграция министрінің

міндетін атқарушы

А. Бижанова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Көлік министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Су ресурстары және

ирригация министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Туризм және спорт министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Экология және табиғи

ресурстар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция
министрінің міндетін атқарушы
2026 жылғы 31 наурыздағы
№ 151-НҚ Бұйрыққа қосымша

Өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізімі

1. "Аккредиттеу алдындағы, аккредиттеуден кейінгі шарттардың сәйкестігін бағалау саласындағы аккредиттеу құжаттарының нысандарын және үлгілік нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2008 жылғы 29 қазандағы № 430 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5356 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшада:

Аккредиттеуге өтінімде:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Қосымша: _____

(менеджмент жүйесінің құжаттары және басқалары, оның ішінде олардың орындалуы бойынша дәлелдемелер қоса беріледі)

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді және өзге де ақпаратты жинауға, өңдеуге, сақтауға, түсіруге және пайдалануға келісім беремін.

Өтінімді қағаз жеткізгіште берген кезде:

(мөрдiң орны) _____ (қолы, лауазымы, тегі және аты-жөні)

20__ жылғы " __ " _____

Электрондық нысанда өтінім беру кезінде:

Өтініш беруші 20__ жылғы " __ " _____ сағат __: __ кол қойған және жіберген:

Өтініш берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасынан (бұдан әрі – ЭЦҚ) алынған деректер: _____

Өтініш берушінің ЭЦҚ қол қойылған күні мен уақыты: _____.

Цифрлық жүйеде өтінімді автоматты түрде тіркеу туралы хабарлама:

20__ жылғы " __ " _____ сағат __: __ қабылданды.";

көрсетілген бұйрыққа 2-қосымшада:

3 және 4-кестелер мынадай редакцияда жазылсын:

"3-кесте. Сынақ жабдықтарымен жарақтандыру жөніндегі мәліметтер

№	Аккредиттеу жөніндегі орган беретін жабдықтың бірегей нөмірі (цифрлық жүйе генерациялайды)				Жабдығының санаты	Анықталатын сипаттамалары (көрсеткіштері)		Атауы	Түрі (Өндіруші, маркасы)
	1	2	3	4		5	6		
Зауыттық нөмірі	Түгендеу нөмірі	Негізгі техникалық сипаттамалар	Шығарылған жылы	Пайдалануға берілген жылы	Аттестаттау туралы сертификат (куәлік)			Иелену негізі	Жабдықтың орналасқан нақты мекенжайы (астана, республикалық маңызы бар қала, облысы, ауданы, көшесі)
8	9	10	11	12	Нөмірі	Күні	Жарамдылық мерзімі		

Ескертпе:

1) сынақ жабдығымен жарақтандырылуы жөніндегі мәліметтерді сынақ зертханалары/орталықтары, тексе-ру/калибрлеу/медициналық зертханалар және инспекци-ялық органдар толтырады.

2) 2-бағанды аккредиттеу жөніндегі орган өтінім қабылданғаннан дауылдан кейін толтырады

3) 3-бағанда жабдықтың санаты (стационарлық немесе мобильді) көрсетіледі.

4) 17-бағанда иелену негізі (сатып алу-сату шарты, жалдау шарты немесе сенімгерлік/жедел басқару шарты) көрсетіледі.

5) егер жабдық аттестаттауға жатпаса, "Аттестаттау сертификаты" бағаны толтырылмайды.

4-кесте. Өлшеу құралдары туралы мәліметтер

№ р/р	Аккредиттеу жөніндегі орган беретін жабдықтың бірегей нөмірі (цифрлық жүйе генерациялайды)			Өлшеу құралының түрі	Өлшем бірлігі	Шығарылған жылы	Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесіндегі нөмірі		Өнімнің анықталатын сипаттамаларының (параметрлерінің) атауы / Қолданылуы		Атауы	
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	
Түрі (маркасы)	Зауыт-әзірлеуші, ел	Зауыттың нөмірі	Түгендеу нөмірі	Өлшеу диапазоны / Өлшеу шегі		Дәлдік классы	Разряд	Қателігі	Кеңейтілген белгісіздік			
9	10	11	12	13		14	15	16	17			
Салыстырып тексеру/калибрлеу/метрологиялық аттестаттау туралы құжатты							Пайдалануға берілген жылы	Иелену негізі	Өлшеу құралдарының орналасқан нақты мекенжайы (елі, астана, республикалық маңызы бар қала, облысы, ауданы, көшесі)			
Нөмірі	Күні	Қолдану мерзімі	Берген орган	Бизнес-сәйкестендіру коды	Толық атауы	Аккредиттеу аттестатының нөмірі			Аккредиттеу аттестатының күні	Аккредиттеу аттестатының қолданылу мерзімі		
18	19	20	21	22	23	24	25	26	27	28		

Ескертпе:

1) өлшеу құралдары туралы мәліметтерді сынақ зертханалары/орталықтары, тексеру/калибрлеу/медициналық зертханалар, өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттауды жүзеге асыратын заңды тұлғалар және инспекциялық органдар толтырады.

2) 2-бағанда өлшеу құралдарының санаты (стационарлық немесе мобильді) көрсетіледі.

3) 3-бағанда өлшеу құралының түрі (өлшеу құралы немесе өлшеу тиесілігі) көрсетіледі.

4) 27-бағанда иелену негізі (сатып алу-сату шарты, жалдау шарты немесе сенімгерлік/жедел басқару шарты) немесе негізгі құралдардың/тауар-материалдық қорлардың болуы туралы ведомость және басқа да растайтын құжат көрсетіледі.”;

9-кесте мынадай редакцияда жазылсын:

”9-кесте. Пайдаланылатын эталондардың тізбесі

№	Аккре диттеу жөнін дегі орган береті н жабды қтың біреге й нөмірі (цифрл ық к жүйем е н жасал ады)	Этало н түрі	Шыға рылға н жылы	Атауы	Типі	Зауыт нөмірі	Түген деу нөмірі	Өлше у диапоз оны/ өлшеу шегі	Дәлді к класы	Разряд	Қате	Кеңей тілген белгісі здік	Қазақс тан Респу блика сының өлшем құрал дарын қамта масыз етудің мемле кеттік жүйес індегі нөмір
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14

Кестенің жалғасы:

Тексеру/калибрлеу/метрологиялық аттестаттау туралы құжат				Пайдалану ғ а берілген жылы	Аккредитт е у саласына сәйкес тағайында у	Иелену негізі	Эталондар дың нақты мекенжай ы (ел, астана, республик алық маңызы бар қала, облыс, аудан, көше)	Өлшеу түрі
Құжат типі	Құжат нөмірі	Құжаттың күні	Жарамдыл ық мерзімі					
14	15	16	17	18	19	20	21	22

Ескертпе:

1) пайдаланылатын эталондар тізбесі тексеру және калибрлеу зертханаларын толтырады.

2) 2-бағанда эталонның түрі (бастапқы, бағынышты) көрсетіледі.

3) 4-баған калибрленетін эталондар үшін толтырылмайды.

4) 14-бағанда құжаттың типі (куәлік, сертификат) көрсетіледі.

5) 20-бағанда иеленудің негізі (сатып алу-сату шарты, жалдау шарты немесе сенімгерлік/жедел басқару шарты не негізгі құралдардың/тауар-материалдық қорлардың болуы ведомосы және басқа да растайтын құжат) көрсетіледі.";

көрсетілген бұйрыққа 4-қосымшада:

Үлгілік аккредиттеу алдындағы шартта:

2.1-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) сәйкестікті бағалау жөніндегі жұмыстарды орындау үшін қажетті мәліметтерді қамтитын аккредиттеуге арналған өтінімді (бұдан әрі – өтінім) сараптау нәтижелері бойынша техникалық реттеу цифрлық жүйесінде (бұдан әрі – цифрлық жүйе) сарапшы-аудитор қорытындысын алуға;"

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) орналасқан жерінде тексеріп қарау нәтижелері бойынша, тиісті себептері бар болған жағдайда, жазбаша не цифрлық жүйе арқылы электрондық нысанда жіберген сәйкессіздікті жою мерзімін ұзарту, бірақ 2 (екі) айдан аспайтын уақытқа ұзарту туралы Аккредиттеу жөніндегі органға жүгінуге;"

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) аккредиттеуден бас тартылған жағдайда, цифрлық жүйе арқылы электрондық нысанда не қағаз жеткізгіште дәлелді шешімін алуға құқылы.";

2.2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.2 Өтінім беруші:

1) электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, цифрлық жүйеде тіркелуге

;

2) тұрақты негізде цифрлық жүйеде жеке кабинетті бақылау және тексеруге;

3) нормативтік құқықтық актілердің, стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарын мәлімделген аккредиттеу саласына сәйкес орындауға.";

2.5-тармақта:

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) 9) аккредиттеуден бас тартылған жағдайда шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Өтінім берушіге цифрлық жүйе арқылы электрондық нысанда не қағаз жеткізгіште дәлелді бас тартуды жолдауға;"

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) цифрлық жүйенің жұмыс істеуінде техникалық ақаулар болған жағдайда, тараптардың келісімі бойынша аккредиттеу материалдарын коммуникацияның басқа тәсілдері арқылы қарауды қамтамасыз етуге міндетті.";

3.2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3.2 Өтінімге қайта сараптама және (немесе) оның орналасқан жері бойынша қайта зерттеп-қарау жүргізілген жағдайда, оның төлемі төлемге шот берілген күннен бастап 5

(бес) операциялық банктік күн ішінде жүзеге асырылады, бұл ретте, мұндай сараптаманың немесе зерттеп-қараудың құнын құн калькуляциясын қоса бере отырып, Тараптар жасасатын қосымша келісіммен (сұрау салынған жағдайда) айқындайды. Қосымша келісімге Өтінім беруші оны аккредиттеу жөніндегі органнан цифрлық жүйеде оны алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде қол қояды.";

8.2. және 8.3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"8.2 Осы Шарт цифрлық жүйеде электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде жасалды.

8.3 Тараптар цифрлық жүйеде жүзеге асырылатын Тараптар арасында ақпарат алмасу ресми болып табылады деп келісті.

Цифрлық жүйедегі хабарлама аккредиттеу жөніндегі органнан өтінім берушінің ақпаратты алғанын растау болып табылады.";

көрсетілген бұйрыққа 5-қосымшада:

Үлгілік аккредиттеу алдындағы шартта:

2.1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Аккредиттеу жөніндегі органға қағаз жеткізгіште не техникалық реттеудің цифрлық жүйесі (бұдан әрі – цифрлық жүйе) арқылы электрондық нысанда аккредиттеу аттестатын қайта ресімдеу, аккредиттеу материалдарын өзектілендіру, аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу және қолданылуын тоқтату туралы өтінішпен жүгінуге;"

2.2-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) цифрлық жүйеде жеке кабинетті тұрақты негізде бақылауға және тексеруге;"

б) және 7) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"б) осы Шартқа қосымша келісімдерге қол қоюға не субъект аккредиттеуді алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде дәлелді бас тартуды цифрлық жүйеде келісімге жолдауға;

7) цифрлық жүйеде аккредиттеу жөніндегі органмен коммуникация құралдарын қолдауға және бақылауға.";

22) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"22) аккредиттеу жөніндегі органға осы Шартқа қосымшаға сәйкес цифрлық жүйеде толтырылған кері байланыс сауалнамасын ұсынуға;"

2.6.-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде аккредиттеу субъектісіне аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу туралы шешімнің көшірмесін пошта арқылы хабарламасы бар тапсырыс хатпен және цифрлық жүйеде тиісті хабарламамен жолдауға;"

10.2. және 10.3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"10.2 Осы Шарт цифрлық жүйеде электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде жасалды.

10.3 Тараптар цифрлық жүйеде Тараптар арасында жүзеге асырылатын ақпарат алмасу ресми болып табылады деп уағдаласты.

Цифрлық жүйедегі хабарлама аккредиттеу жөніндегі органнан өтініш берушінің ақпаратты алғанын растау болып табылады."

2. "Көлік құралының типін мақұлдауларды, шасси типін мақұлдауларды бекіту және тіркеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 14 мамырдағы № 336-НҚ (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22753 болып тіркелген) бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 1 тармағының 4) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген көлік құралының типін мақұлдауларды, шасси типін мақұлдауларды бекіту және тіркеу жөніндегі қағидалары осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын;

3. "Техникалық регламенттерді әзірлеу, сараптау, қабылдау, өзгерту және күшін жою қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 25 мамырдағы № 359-НҚ (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22852 болып тіркелді) бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген техникалық регламенттерді әзірлеу, сараптау, қабылдау, өзгерту және жою қағидаларында:

4-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) техникалық реттеу цифрлық жүйесінің веб-порталында осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша техникалық регламенттің жобасын әзірлеу, техникалық регламенттерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе олардың күшін жою туралы хабарламаны жобаларды әзірлеу, техникалық регламенттерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе олардың күшін жою басталған кезден бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей орналастырады, сондай-ақ техникалық регламенттің жобасын әзірлеу туралы хабарламаны толтырады Саудадағы техникалық кедергілер, санитариялық және фитосанитариялық шаралар жөніндегі ақпараттық орталыққа (бұдан әрі – Ақпараттық орталық) ұсынады;"

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) техникалық регламенттің жобасын әзірлеу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап жария талқылаудың аяқталғаны туралы хабарлама жарияланған күнге дейін кемінде күнтізбелік 60 (алпыс) күнге тең мерзім ішінде жария талқылауды

ұйымдастырады, ол техникалық реттеу цифрлық жүйесінің веб-порталында орналастырылады;"

8) және 9) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"8) күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде алынған ескертулерді мен ұсыныстарды ескере отырып, техникалық регламенттің жобасын пысықтайды және пысықталған жобаны техникалық регламенттің цифрлық жүйесінің веб-порталына орналастырады;

9) күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде уәкілетті органға техникалық реттеу цифрлық жүйесінің веб-порталында орналастыру үшін осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес Техникалық регламенттің жобасын, өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды жария талқылаудың аяқталғаны немесе техникалық регламенттің күшін жою туралы хабарламаны уәкілетті органға жібереді, онда жобамен және алынған ескертулер мен ұсыныстарды тізбесімен танысу тәсілі туралы ақпарат, техникалық регламенттің жобасын әзірлеген мемлекеттік органның атауы, оның почталық және электрондық мекенжайы болуы тиіс, сондай-ақ техникалық регламенттің жобасын, техникалық регламентке өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды немесе олардың күшін жоюды жария талқылаудың аяқталғаны туралы хабарламаны толтырады және Ақпараттық орталыққа ұсынады.";

4. "Көлік құралдарын жасаушыларға халықаралық сәйкестендіру кодын беру қағидаларын, көлік құралын жасаушыға халықаралық сәйкестендіру кодын беру туралы куәліктің нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 27 мамырдағы № 368-НҚ (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22876 болып тіркелген) бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген көлік құралдарын өндірушілерге халықаралық сәйкестендіру кодтарын беру қағидаларында:

3-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) техникалық реттеудің цифрлық жүйесі (бұдан әрі – цифрлық жүйе) – техникалық реттеу, өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі, ұлттық стандарттау жүйесінің тізілімдеріндегі және Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттарының бірыңғай тізілімдеріндегі мәліметтер мен ақпараттарды сақтауға, өңдеуге, іздеуге, таратуға, беруге және ұсынуға арналған автоматтандырылған цифрлық жүйе;"

8-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Көлік құралын жасаушы Куәлік алу үшін техникалық хатшылыққа цифрлық жүйеде мынадай құжаттарды жібереді:"

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. В Егер жасаушының атауы, мекенжайы, жылдық өндіріс көлемі өзгерген жағдайда Куәлік цифрлық жүйеде қайта ресімдеуге жатады.";

2-қосымша ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

көлік құралын дайындаушының халықаралық сәйкестендіру кодын беру туралы куәлік нысанында:

ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескертпе. 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) талаптарына сәйкес келетін және оған қол қоюға өкілеттігі бар адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған осы құжат Кодекстің 62-бабының 2-тармағына сәйкес қағаз жеткізгіштегі құжатқа тең.

* World manufacturer identifier (бұдан әрі – WMI) – жасаушының халықаралық сәйкестендіру коды.

Ресімдеуге түсініктеме:

Куәлік техникалық хатшылықпен электрондық түрде ресімделеді және мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің деректер тізілімінде тіркеледі.

Куәлікті толтыру кезінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1-жол – цифрлық жүйе кездейсоқ тәртіппен автоматты түрде генерациялайтын Куәліктің бірегей сәйкестендіру нөмірінің QR-коды он төрт символдан тұрады және мынадай белгілері бар:

1) алғашқы екі символ – халықаралық стандарттау жөніндегі ұйымның ISO (International Organization for Standardization) кодына сәйкес Қазақстан Республикасының литерлік коды (екі латын бас әрпі – KZ);

2) үшіншіден он төртінші таңбаға дейін – бірегей әріптік-сандық код.

2-жол – Куәліктің берілген күні;

3-жол – Куәліктің бірегей сәйкестендіру нөмірі;

4-жол – бизнес-сәйкестендіру нөмірі / жеке сәйкестендіру нөмірі, жасаушының атауы, жасаушының заңды мекенжайы (елі, облысы (қаласы), ауданы, мекенжайы);

5-жол – берілген WMI коды;

6-жол – Куәлік берген басшының лауазымы;

7-жол – Куәлікті берген басшының (QR-код түрінде) электрондық цифрлық қолтаңбасы;

8-жол – Куәлікті берген басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)."

5. "Бірыңғай тізбеге енгізілмеген, сондай-ақ Бірыңғай тізбеге енгізілген, бірақ өзіне қатысты техникалық регламенттер қабылданбаған немесе қолданысқа енгізілмеген өнімді айналысқа шығару қағидаларын, сондай-ақ өзіне қатысты жалпы қауіпсіздік туралы декларация қабылданатын өнім тізбесін, жалпы қауіпсіздік туралы декларацияның нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 31 мамырдағы № 380-НҚ бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22903 болып тіркелді) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Бірыңғай тізбеге енгізілмеген, бірақ оған қатысты техникалық регламенттер қабылданбаған немесе қолданысқа енгізілмеген өнімді айналысқа шығару қағидаларында:

2-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) техникалық реттеудің цифрлық жүйесі – техникалық реттеу тізілімдеріндегі, өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің, ұлттық стандарттау жүйесінің және Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттарының бірыңғай тізілімдерінің мәліметтері мен ақпараттарын сақтауға, өңдеуге, іздеуге, таратуға, беруге және ұсынуға арналған автоматтандырылған цифрлық жүйе.";

7-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Бірыңғай тізбеге енгізілмеген, сондай-ақ Бірыңғай тізбеге енгізілген, бірақ өзіне қатысты техникалық регламенттер қабылданбаған немесе қолданысқа енгізілмеген өнімді айналысқа шығару кезінде дайындаушы, дайындаушы уәкілеттік берген тұлға, импорттаушы, сатушы осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша техникалық реттеудің цифрлық жүйесінде жалпы қауіпсіздік туралы декларацияны қалыптастырады.";

8 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Жалпы қауіпсіздік туралы декларация қалыптастырылғаннан кейін техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде хабарлама береді және техникалық реттеудің цифрлық жүйесіне енгізеді.".

Көрсетілген бұйрыққа 3-қосымшада:

жалпы қауіпсіздік туралы декларация нысанындағы ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескертпе. 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) талаптарына сәйкес келетін және оған қол қоюға өкілеттігі бар адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған осы құжат Кодекстің 62-бабының 2-тармағына сәйкес қағаз жеткізгіштегі құжатқа тең.".

6. "Көлік құралы типін мақұлдауларды, шасси типін мақұлдауларды ресімдеудің дұрыстығы мен негізділігін тексеру жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 8 маусымдағы № 397-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23034 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Көлік құралы типін мақұлдауды және шасси типін мақұлдауды ресімдеудің дұрыстығы мен негізділігін тексеру қағидаларында:

2-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) техникалық реттеудің цифрлық жүйесі (бұдан әрі – цифрлық жүйе) – техникалық реттеу тізілімдеріндегі, өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің, ұлттық стандарттау жүйесінің және Еуразиялық экономикалық одақтың

сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттарының бірыңғай тізілімдерінің мәліметтері мен ақпараттарын сақтауға, өңдеуге, іздеуге, таратуға, беруге және ұсынуға арналған автоматтандырылған цифрлық жүйе;"

4-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Сәйкестікті растау жөніндегі орган техникалық хатшылықпен көлік құралы типін мақұлдауларды, шасси типін мақұлдауларды ресімдеудің дұрыстығы мен негізділігін тексеру үшін цифрлық жүйеде мынадай құжаттарды ұсынады:"

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Техникалық хатшылық көлік құралы типін мақұлдауларды, шасси типін мақұлдауларды ресімдеудің дұрыстығы мен негізділігін тексерудің оң нәтижесі кезінде осы Қағиданың 3-қосымшасына сәйкес көлік құралы типін мақұлдауларды, шасси типін мақұлдауларды ресімдеудің дұрыстығы мен негізділігін тексерудің қорытындысын рәсімдейді және көлік құралы типін мақұлдауларды, шасси типін мақұлдауларды цифрлық жүйе арқылы бекіту үшін уәкілетті органға ұсынады."

7. "Тиісті зертханалық практика қағидаттарын іске асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 17 маусымдағы № 414-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23092 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген тиісті зертханалық практика қағидаттарын іске асыру қағидаларында:

2-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі деректерінің тізілімі (бұдан әрі – техникалық реттеу тізілімі) – техникалық регламенттердің, аккредиттеу субъектілерінің , сәйкестікті бағалау туралы берілген құжаттардың, сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторлардың, жабдықтардың, техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнім туралы ақпараттың және техникалық реттеу саласындағы өзге де мәліметтердің цифрлық дерекқоры;"

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) техникалық реттеудің цифрлық жүйесі – техникалық реттеу тізілімдерінде, өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінде, ұлттық стандарттау жүйесінде және Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестігін бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімдерінде қамтылған мәліметтер мен ақпаратты сақтауға, өңдеуге, іздеуге, таратуға, беруге және ұсынуға арналған автоматтандырылған цифрлық жүйе;"

8. "Ерікті түрде сертификаттау жүйесінің жұмыс істеу және қолданылу, сондай-ақ тіркелген ерікті түрде сертификаттау жүйелерінің тізілімін жүргізу және көрсетілген тізілімдегі мәліметтерді беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 22 маусымдағы № 422-НҚ бұйрығына

(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23185 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген ерікті сертификаттау жүйесінің жұмыс істеуі және қолданылуы, сондай-ақ тіркелген ерікті түрде сертификаттау жүйелерінің тізілімін жүргізу және көрсетілген тізілімде мәліметтерді ұсыну қағидаларында:

2-тармақтың 7) және 8) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"7) техникалық реттеудің цифрлық жүйесі – техникалық реттеу тізілімдеріндегі, өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің, ұлттық стандарттау жүйесінің және Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттарының бірыңғай тізілімдерінің мәліметтері мен ақпараттарын сақтауға, өңдеуге, іздеуге, таратуға, беруге және ұсынуға арналған автоматтандырылған цифрлық жүйе;

8) техникалық реттеудің цифрлық жүйесінің веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) – техникалық реттеудің цифрлық жүйесіне бірыңғай қол жеткізу нүктесін ұсынатын интернет-ресурс.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Тіркелген ерікті түрде сертификаттау жүйелерінің тізілімін жүргізу үшін өтініш беруші техникалық реттеудің цифрлық жүйесі арқылы уәкілетті органға осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша ерікті түрде сертификаттау жүйесін тіркелген ерікті сертификаттау жүйелерінің тізіліміне енгізу үшін мынадай құжаттарды қоса бере отырып, электрондық түрде өтініш (бұдан әрі – өтініш) береді:

1) сертификаттауға жататын объектілердің тізбесі және осы объектілерді ерікті түрде сертификаттау оларға сәйкестігі жүзеге асырылатын сипаттамалар;

2) ерікті түрде сертификаттау жүйесіне қатысушылар туралы;

3) сәйкестік белгісін қолдану сипаттамасы (бар болса).

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес киберқауіпсіздік жөніндегі талаптарға сәйкес келетін техникалық реттеудің цифрлық жүйесінің деректеріне қол жеткізу оны пайдаланушылар үшін уәкілетті органның веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.";

12-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Техникалық реттеудің цифрлық жүйесі ерікті түрде сертификаттаудың әрбір жүйесіне бірегей сәйкестендіру нөмірін береді.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Бұрын тіркелген ерікті сертификаттау жүйесі туралы мәліметтер және (немесе) деректер өзгерген кезде өтініш беруші техникалық реттеудің цифрлық жүйесі арқылы уәкілетті органға осы Қағидалардың 9-тармағына сәйкес өтініш береді.";

көрсетілген Қағидаларға қосымшада:

ерікті сертификаттау жүйелерінің тізіліміне ерікті сертификаттау жүйесін енгізу туралы өтініш нысандағы ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескертпе. 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) талаптарына сәйкес келетін және оған қол қоюға өкілеттігі бар адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған осы құжат Кодекстің 62-бабының 2-тармағына сәйкес қағаз жеткізгіштегі құжатқа тең.

Электрондық құжат техникалық реттеудің цифрлық жүйесімен қалыптастырылды."

9. "Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі деректерінің тізілімін қалыптастыру, жүргізу және қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 30 маусымдағы № 437-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23362 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Технкалық реттеу жүйесі деректерінің тізілімін қалыптастыру, жүргізу және қолдап отыру қағидаларында:

2-тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларын мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі деректерінің тізілімі (бұдан әрі – техникалық реттеу тізілімі) – техникалық регламенттердің, аккредиттеу субъектілерінің , сәйкестікті бағалау туралы берілген құжаттардың, сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторлардың, жабдықтардың, техникалық регламенттер талаптарына сәйкес келмейтін өнімдер туралы ақпараттың және техникалық реттеу саласындағы өзге де мәліметтердің цифрлық дерекқоры;

2) техникалық реттеудің цифрлық жүйесі – техникалық реттеу тізілімдеріндегі, өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің, ұлттық стандарттау жүйесінің және Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттарының бірыңғай тізілімдерінің мәліметтері мен ақпараттарын сақтауға, өңдеуге, іздеуге, таратуға, беруге және ұсынуға арналған автоматтандырылған цифрлық жүйе;

3) техникалық реттеудің цифрлық жүйесінің веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) – техникалық реттеудің цифрлық жүйесіне бірыңғай қол жеткізу нүктесін ұсынатын интернет-ресурс;"

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Техникалық реттеу тізілімі техникалық реттеудің цифрлық жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.";

7 және 8 тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Техникалық реттеудің цифрлық жүйесінде қалыптастырылатын техникалық реттеу саласындағы сәйкестікті бағалау туралы құжаттарға және өзге де құжаттарға он төрт символдан тұратын және мынадай белгі бар кездейсоқ тәртіппен техникалық реттеудің цифрлық жүйесі автоматты түрде генерациялайтын бірегей сәйкестендіру нөмірі беріледі:

1) алғашқы екі символ – стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымның – ISO кодына сәйкес Қазақстан Республикасының литерлік коды (екі латын бас әрпі – KZ);

2) үшінші таңбадан он төртінші таңба бойынша – бірегей әріптік-сандық код.

8. Техникалық реттеу тізілімінде деректерді қалыптастыру Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының цифрлық жүйелері мен дерекқорларынан алынған деректер мен мәліметтер негізінде интеграциялау арқылы қамтамасыз етіледі.";

13 және 14 тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Техникалық реттеу тізілімін қолдап отыру жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді, техникалық реттеу цифрлық жүйесінің дерекқорлары мен ресурстарының тұтастығын, ақпараттың сақталуын, ақпараттың толық немесе ішінара жоғалуына жол бермеуді, қалыптастырылған деректердің өзгермеуін, берілген рөлдерге сәйкес әрбір қатысушының тең құқығы мен қол жеткізуін, техникалық реттеу ақпараттық жүйесінің ресурстарына қол жеткізуді бақылауды, техникалық реттеу цифрлық жүйесінің ресурстарына қол жеткізуді, сәйкестендіруді (тануды) қоспағанда, тізілімнің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету, пайдаланушыны аутентификациялау (түпнұсқалығын растау) және авторизациялау (өкілеттіктерді беру), техникалық реттеу мен қамтамасыз етудің ақпараттық жүйесінде болып жатқан оқиғаларды тіркеу және талдау арқылы жүзеге асырылады.

14. Техникалық реттеу тізілімін қолдап отыру кезінде техникалық реттеудің цифрлық жүйесі пайдаланушының қателерін, техникалық іркілістер кезінде туындайтын қателерді және кейінгі ісқимылдар сипатталған пайдаланушыға хабарламалар бере отырып, деректер базасының қателерін өндеуді қамтамасыз етеді."

Өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтардың тізбесіне
қосымша
Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция
министрінің
2021 жылғы 14 мамырдағы
№ 336-НҚ бұйрығымен
бекітілген

Көлік құралдарының типін мақұлдауларды, шасси типін мақұлдауларды бекіту және тіркеу жөніндегі қағидалар

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Көлік құралдарының типін мақұлдауларды, шасси типін мақұлдауларды бекіту және тіркеу жөніндегі қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және көлік құралының типін мақұлдауларды, шасси типін мақұлдауларды бекіту және тіркеу тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) дайындаушы – Қазақстан Республикасының немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген, өз атынан өнім өндіруді

немесе өндіру мен өткізуді жүзеге асыратын заңды тұлға немесе дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға;

2) көлік құралының типін мақұлдау – айналымға енгізілген көлік құралдарының бір типке жатқызылған, "Кеден одағының "Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентін қабылдау туралы" Кеден одағы комиссиясының № 877 шешімімен бекітілген Кеден одағының 018/2011 "Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (бұдан әрі – КО ТР 018/2011) талаптарына сәйкестігін куәландыратын құжат;

3) өтінім беруші – Қазақстан Республикасының немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген, сәйкестікті бағалауды жүргізу үшін өнімді, процестерді және көрсетілетін қызметті ұсынған заңды тұлға немесе дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға (дайындаушы, импорттаушы, дайындаушы уәкілеттік берген тұлға, сатушы);

4) техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – техникалық реттеу саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

5) техникалық реттеудің ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ақпараттық жүйе) – техникалық реттеу, өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің, ұлттық стандарттау жүйесінің тізілімдеріндегі және Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттарының бірыңғай тізілімдеріндегі мәліметтер мен ақпараттарын сақтауға, өңдеуге, іздеуге, таратуға, беруге және ұсынуға арналған автоматтандырылған цифрлық жүйе;

6) техникалық хатшылық – көлік құралының типін мақұлдауды, шасси типін мақұлдауды ресімдеудің дұрыстығы мен негізділігін тексеру, көлік құралы конструкциясының қауіпсіздігі туралы берілген куәліктер жөніндегі мәліметтерді жинау және көлік құралдарын жасаушыларға халықаралық сәйкестендіру кодтарын беру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға уәкілетті орган айқындайтын ұйым;

7) шасси типін мақұлдау – бір типке жатқызылған, айналымға енгізілген шассидің 018/2011 КО ТР талаптарына сәйкестігін куәландыратын құжат.

2-тарау. Көлік құралдарының типін мақұлдауларды, шасси типін мақұлдауларды бекіту және тіркеу тәртібі

3. Техникалық хатшылық көлік құралының типін мақұлдауларды, шасси типін мақұлдауларды ресімдеудің дұрыстығы мен негізділігін тексерудің оң нәтижесі кезінде көлік құралының типін мақұлдауды, шасси типін мақұлдауды бекіту үшін цифрлық жүйеде уәкілетті органға ұсынады.

4. Көлік құралының типін мақұлдауларды, шасси типін мақұлдауларды бекітуді және тіркеуді уәкілетті орган цифрлық жүйеде олардың уәкілетті органға келіп түскен күнінен бастап есептелетін күнтізбелік он күн ішінде жүзеге асырады.

5. Көлік құралының типін мақұлдауды, шасси типін мақұлдауды уәкілетті орган мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің деректер тізілімінде тіркейді.

6. Көлік құралының типін мақұлдау, шасси типін мақұлдау бекітілгеннен кейін өтінім берушіге және (немесе) дайындаушыға цифрлық жүйеде қолжетімді болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК